



Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 611 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 16 қазанда № 37146 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 139-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізілетін салық төлеушілер санаттары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 611 бұйрығына 1-қосымша

Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізілетін салық төлеушілер санаттары

Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізілетін салық төлеушілер санаттары:

электрондық шот-фактураны кері қайтарып алу арқылы тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс-жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындаған салық төлеушілер.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 611 бұйрығына 2-қосымша

Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 139-бабының 3-тарамағына сәйкес әзірленді және осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес электрондық шот-фактуралардың (бұдан әрі – ЭШФ) жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізілетін салық төлеушілер санатына жататын қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеушінің (бұдан әрі – ҚҚС төлеуші) ЭШФ жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау (бұдан әрі – автоматтандырылған бақылау) жүргізу тәртібін, оның ішінде:

- 1) "е-Тамға" сервисіндегі ҚҚС төлеушінің салық шотын (бұдан әрі – салық шоты) жүргізу тәртібін;
- 2) ҚҚС-тың баланстық сомасын есепке алу тәртібін;
- 3) ҚҚС төлеушінің салық шотын толықтыру тәртібін;
- 4) ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылған ҚҚС төлеушінің ақшасын бюджетке аудару тәртібін;
- 5) ҚҚС төлеушінің ақшаны қайтару туралы өтінішін беру және оны қарау тәртібі мен мерзімдерін;
- 6) ҚҚС төлеушіге ақшаны қайтару тәртібін;
- 7) автоматтандырылған бақылауды жүргізу кезеңін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған бақылау операторы (бұдан әрі – оператор) – "е-Тамға" сервисінің жұмыс істеуін, оған қол жеткізуді және сүйемелдеуді қамтамасыз ететін және Салық кодексінің 139-бабының 2-тармағына сәйкес салық шотын жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған, ақша аудару жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы бар, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға ;

2) "е-Тамға" сервисі – оператордың ол арқылы автоматтандырылған бақылау жүргізілетін, оператордың тіркеуші ақпараттық жүйесінде іске асырылған арнайы ақпараттық сервис түріндегі ақпараттық жүйесі;

Осы Қағидалар шеңберінде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізу тәртібі

1-параграф. Электрондық шот-фактуралардың жазып берілуіне автоматтандырылған бақылау жүргізудің жалпы ережелері

3. ҚҚС төлеушіге тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) ЭШФ-ы кері қайтарып алу жолымен орындаған күні мұндай төлеушінің автоматтандырылған бақылау жүргізілетін салық төлеушілердің тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізгені туралы ақпараттық хабар жіберіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпараттық хабар пайдаланушының веб-порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне бір мезгілде қысқа мәтіндік хабар жіберіле отырып, "электрондық үкімет" веб-қосымшасына және (немесе) веб-порталындағы жеке кабинетіне хабарламаны орындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

4. ҚҚС төлеушінің тізбеге енгізілген күні және оны тізбеден алып тастаған күні туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) интернет-порталында және tamga.qoldau.kz веб-порталында тізбеге енгізілген немесе алып тасталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

5. ҚҚС төлеуші хабар етуді алғаннан кейін ЭШФ жазып бергенге дейін "е-Тамға" сервисінде тіркеледі.

ҚҚС төлеушіні "е-Тамға" сервисінде тіркеу оператормен "е-Тамға" сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша пайдаланушы келісімін жасасу арқылы жүргізіледі, оған ҚҚС төлеуші электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қол қояды.

6. ҚҚС төлеуші "е-Тамға" сервисінде тіркелу кезінде:

1) ақпараттық хабарлар алу үшін пайдаланатын ақпараттық сервистерді, оның ішінде мобильді телефон нөмірін және (немесе) электрондық поштаның мекенжайын көрсетеді;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою күніне тауарлар қалдығының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) ұсынады.

7. Автоматтандырылған бақылау тізбеге енгізілген ҚҚС төлеуші бірінші ЭШФ жазып берген күннен бастап есептелетін 12 (он екі) айдан кем емес мерзім ішінде жүргізіледі және көрсетілген бақылау мерзімі өтетін тоқсанның соңғы күні аяқталғанға дейін жалғасады.

Бұл ретте автоматтандырылған бақылау қатарынан 2 (екі) тоқсан ішінде мынадай шарттар орындалған:

1) ҚҚС төлеушінің және (немесе) сатып алушының салық шотын ақшамен ай сайын үздіксіз толықтырған;

2) ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылған ақша сомасы жазып берілген ЭШФ-да көрсетілген ҚҚС сомасының кемінде 50 (елу) пайызын құраған кезде мерзімінен бұрын аяқталады.

Автоматтандырылған бақылауды мерзімінен бұрын аяқтау қатарынан 2 (екі) тоқсанның екіншісі өткеннен кейін жүргізіледі.

8. Автоматтандырылған бақылау жүргізу кезеңінде ҚҚС төлеуші тіркеу есебінен шығарылған кезде ҚҚС төлеушіні тіркеу есебінен алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеуші ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылған күнге тізілім ұсынады.

Автоматтандырылған бақылау ҚҚС төлеуші тіркеу есебінен алынған күннен бастап аяқталады.

9. ҚҚС төлеуші автоматтандырылған бақылау аяқталған күннен бастап тізбеден шығарылады.

2-параграф. Салық шотын жүргізу тәртібі

10. ЭШФ-ға тіркеу нөмірін беру кезінде салық шотының деректері ескеріледі.

ЭШФ, ТІЖ, тауарларға арналған декларациялар, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер және төлемдер туралы ақпарат "е-Тамға" сервисіне мемлекеттік кірістер органдарының (бұдан әрі – МКО) АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы беріледі.

11. "е-Тамға" сервисіне келіп түскен ақпаратты ескере отырып, автоматтандырылған режимде осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген формула бойынша есептелетін ҚҚС-ның баланстық сомасы (бұдан әрі – ҚҚС балансы) қалыптастырылады.

Қалыптастырылған ҚҚС балансы МКО АЖ-де және салық шотында көрсетіледі және ҚҚС балансының өзгеруіне қарай автоматтандырылған режимде түзетіледі.

Қолданылатын есепке алу жүйесінде ЭШФ-ны қалыптастыру кезінде ҚҚС төлеуші "е-Тамға" сервисімен ақпараттық өзара іс-қимылы болған кезде ҚҚС-тың ағымдағы балансын есепке алу жүйесі арқылы сұратады.

Егер "е-Тамға" сервисіне осы Қағидалардың 10-тармағымен белгіленген ақпарат толық емес болып түссе және ҚҚС балансы дұрыс емес қалыптастырылса, ҚҚС төлеушінің өтініші бойынша оператор ҚҚС балансын 1 (бір) жұмыс күні ішінде түзетеді.

12. ҚҚС балансының сомасы жазып берілетін ЭШФ-да көрсетілген ҚҚС сомасына жеткілікті және (немесе) асып кеткен кезде ЭШФ-ға тіркеу нөмірі автоматты түрде

беріледі. Бұл ретте ҚҚС балансының құрамында осы Қағидалардың 4-параграфына сәйкес толықтырылған ақша есепке алынады.

ҚҚС балансы жеткіліксіз болған жағдайда "е-Тамға" сервисі ҚҚС төлеушіге ЭШФ нөмірін беруден бас тартады.

Тіркеу нөмірі берілмеген ЭШФ жазылмаған болып есептеледі.

13. Осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген әрекеттер жасалу кезінде кезеңінде ЭШФ тіркеу нөмірін беру мақсаттары үшін ҚҚС балансынан қайтаруға мәлімделген оң баланстың сомасы шегеріледі.

3-параграф. Қосылған құн салығының баланстық сомасын есепке алу тәртібі

14. Оператор есептің әрбір түрі бойынша жеке есеп жүргізеді.

15. Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген ҚҚС сомалары ҚҚС балансын айқындау кезінде мынадай тәртіппен ескеріледі:

1) ЭШФ бойынша (кіріс және жазып берілген) есепке алу жазып беру күні бойынша жүргізіледі. Түзетілген, қосымша және (немесе) кері қайтарып алынған ЭШФ іс-әрекет жасалған күн (кері қайтарып алынған күн немесе түзетілген, қосымша ЭШФ жазып берілген күн) бойынша есепке алынады;

2) үшінші елдерден импорт бойынша 105102 бюджеттік сыныптама коды (бұдан әрі – БСК) бойынша төленген ҚҚС сомасы тауарларға арналған декларацияларда көрсетілген ҚҚС сомасы шегінде есепке алынады. Төленген ҚҚС сомасының қалдығы кейін тауарларға декларацияны ұсынылуына қарай ескеріледі;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінен импорт бойынша 105115 БСК бойынша төленген ҚҚС сомасы тауарларды әкелу туралы көрсетілген өтініштердің ҚҚС сомасы шегінде есепке алынады. Төленген ҚҚС сомасының қалдығы кейін тауарларды әкелу туралы өтініштердің ұсынылуына қарай ескеріледі;

4) бейрезидент үшін ҚҚС бойынша 105104 БСК бойынша төленген ҚҚС сомасы бейрезидент үшін ЭШФ-да көрсетілген ҚҚС сомасы шегінде есепке алынады. Төленген ҚҚС сомасының қалдығы бейрезидент үшін кейінгі ЭШФ жазып беру шамасына қарай есепке алынады;

5) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою күніне дейін салық төлеуші сатып алған, жасаған, салған тауарлар бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою күніне тізілімде көрсетілген ҚҚС сомалары шегінде есепке алынады ;

6) тауарлар қалдығы түріндегі айналымдар бойынша ҚҚС бойынша тіркеу есебінен алу кезінде есептелген ҚҚС сомасы ҚҚС бойынша тіркеу есебінен алу күніне тізілімде көрсетілген ҚҚС сомалары шегінде есепке алынады.

16. Автоматтандырылған бақылау барысында "е-Тамға" сервисінде ҚҚС есептеу мына формула бойынша жүргізіледі: $B = ҚҚС1 + ҚҚС2 + ҚҚС3 + ҚҚС4 - ҚҚС5 - ҚҚС6$, мұндағы:

Б – ҚҚС-тың баланстық сомасы;

ҚҚС1 – ҚҚС төлеуші алған ЭШФ-да көрсетілген ҚҚС-тың жалпы сомасы;

ҚҚС2 ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импорт кезінде төленген ҚҚС-тың жалпы сомасы;

ҚҚС3 – бейрезиденттен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде төленген ҚҚС-тың жалпы сомасы;

ҚҚС4 – ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою күніне дейін ҚҚС төлеуші сатып алған, жасаған, салған тауарлар бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС-тың жалпы сомасы;

ҚҚС5 – ҚҚС төлеуші жазып берген ЭШФ-да көрсетілген ҚҚС-тың жалпы сомасы;

ҚҚС6 – тауарлардың қалдығы түріндегі айналым бойынша ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде есептелген ҚҚС-тың жалпы сомасы.

17. Оператор ақша қозғалысының есебін салық шотына түсімдерді, сомаларды қайтаруды, сондай-ақ бюджетке аударымдарды жеке көрсету арқылы жүргізеді.

ЭШФ жазып беру үшін қайтарылған сомалар мен бюджетке аударылған қаражат шегеріле отырып, салық шотын өз ақшасымен толықтыру ескеріледі.

18. Тоқсан соңындағы ҚҚС-тың оң балансы келесі тоқсанның ЭШФ жазып берілуін қамтамасыз ету есебіне пайдаланылады немесе осы Қағидалардың 5 және 6-параграфтарына сәйкес қайтарылуға жатады.

4-параграф. Қосылған құн салығын төлеушінің салық шотын толтыру тәртібі

19. ҚҚС төлеуші ҚҚС балансын ұлғайту мақсатында салық шотын өз ақшасымен толықтырады.

20. ҚҚС төлеуші салық шотын толтыруды екінші деңгейдегі банктердегі есеп айырысу шотынан Комитет мемлекеттік қазынашылықта ашқан қолма-қол ақшаны бақылау шотына аудару арқылы жүзеге асырады.

Түскен ақшаны ҚҚС төлеушінің салық шотында көрсету мемлекеттік қазынашылықтың мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

21. ҚҚС төлеушінің сатып алушымен келісіміне сәйкес сатып алушы осы Қағидалардың 20-тармағымен көзделген тәсілдермен ҚҚС төлеушінің салық шотын өз ақшасы есебінен толтырады.

Сатып алушыдан ҚҚС төлеушінің салық шотына түскен ақша тек осы сатып алушының атына ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылуға жатады.

5-параграф. Қосылған құн салығын төлеушінің ақшаны қайтару туралы өтінішті беру мен қарау тәртібі және мерзімі

22. Ай сайын ай аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде "е-Тамға" сервисінде автоматтандырылған режимде мынадай әрекеттер жүргізіледі:

- 1) ЭШФ жазып беруді қамтамасыз етуге байланысты операциялардың нәтижелері бойынша қорытындылар шығарады;
- 2) төленген ақшамен қамтамасыз етілген оң теңгерім сомасын есептейді;
- 3) сатып алушы мен ҚҚС төлеуші арасында ЭШФ жазып беруді қамтамасыз ету үшін сатып алушы толықтырған ақшаны ЭШФ жазып беру үшін пайдалану және (немесе) пайдаланбау бөлігінде ҚҚС бойынша өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді қалыптастыру.

Оператор осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді ҚҚС төлеушінің және (немесе) оның сатып алушысының "е-Тамға" сервисінде берілген өтінімі бойынша осы әрекеттерді осы тармақта белгіленген мерзім басталғанға дейін жүзеге асырады.

23. Есеп айырысу қорытындысы бойынша "е-Тамға" сервисі есеп айырысу сомалары көрсетілген ақпараттық хабар жіберіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпараттық хабар:

- 1) ҚҚС төлеуші "е-Тамға" сервисінде тіркелу кезінде көрсеткен барлық ақпараттық сервистерге;
- 2) сатып алушы салық шотын өз ақшасымен толтырған жағдайда сатып алушыға "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы және (немесе) МКО АЖ-де пайдаланушының жеке кабинетіне және (немесе) веб-қосымшасына жіберіледі.

24. Салық шотында оң баланс және ішЭШФ жазып беру үшін пайдаланылмаған ақшаны қайтару қажеттілігі болған жағдайда ҚҚС төлеуші және (немесе) сатып алушы ақпараттық хабар жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген электрондық шот-фактураны жазып беру үшін пайдаланылмаған ақшаны қайтару туралы өтініш береді (бұдан әрі – қайтару туралы өтініш).

25. Оператор қайтару туралы өтінішті 1 (бір) жұмыс күні ішінде қарайды.

6-параграф. Қосылған құн салығын төлеушіге ақшаны қайтару тәртібі

26. ҚҚС төлеушіге оң балансты қайтару есепті ай ішінде өзі толтырылған ақша шегінде немесе есепті айдың басына ҚҚС төлеушіге қайтарылмаған, бірақ ҚҚС-тың ағымдағы балансынан аспайтын ақша шегінде жүзеге асырылады.

27. Оң балансты сатып алушыға қайтару есепті ай ішінде сатып алушы толтырған немесе есепті айдың басында сатып алушыға қайтарылмаған ақша шегінде жүзеге асырылады.

28. Осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес есеп айырысу күнінен және қайтару туралы өтініш берілген күнге дейінгі кезеңде ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылған ақша қайтарылуға жатпайды.

29. Оң балансты қайтару ҚҚС төлеушінің қайтару туралы өтініште көрсетілген есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы немесе салық шотын сатып алушы өз ақшасы есебінен толтырған жағдайда сатып алушының қайтару туралы өтініште көрсетілген есеп айырысу шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

30. Ақпараттық хабар жіберілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеушіден және (немесе) сатып алушыдан қайтару туралы өтініш болмаған кезде ақша келесі айда ЭШФ жазып берілуін қамтамасыз ету есебіне пайдалануға жатады.

7-параграф. Қосылған құн салығын төлеушінің электрондық шот-фактураны жазып беру үшін пайдаланылған ақшасын бюджетке аудару тәртібі

31. Тоқсан сайын, тоқсан аяқталған күннен бастап 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде "е-Тамға" сервисі автоматтандырылған режимде ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылған ақша сомаларын қорытындылайды және есептейді.

32. ЭШФ жазып беру үшін пайдаланылған ақшаның жиынтық сомасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚҚС бойынша тиісті БСК-на аударылады.

ҚҚС бойынша тиісті БСК-на аударылған ақша ҚҚС төлеу ретінде қаралады және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының нормаларына сәйкес ҚҚС төлеушінің жеке шотында есепке алынуға жатады.

33. Тоқсан ішінде ҚҚС төлеушінің тіркеу есебінен алынған ҚҚС төлеушінің ЭШФ жазып беру үшін пайдаланған ақша сомасы автоматтандырылған бақылау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аударылуға жатады.

34. Автоматтандырылған бақылау аяқталған ҚҚС төлеушінің оң балансы мынадай шарттарға сәйкес келген кезде:

- 1) ақшаны толтыру есебінен қалыптастырылған;
- 2) Осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес қайтаруға мәлімделмеген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде ҚҚС бойынша тиісті БСК-на аударылуға тиіс

3-тарау. Қорытынды ереже

35. Оператор "Дербес деректер және оларды қорғау туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының, сондай-ақ "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысының талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Электрондық шот-фактуралардың
жазып берілуіне
автоматтандырылған бақылау
жүргізу қағидаларына
1-қосымша
нысан

Тауарлар қалдығының тізілімі 20 ____ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша (ҚҚС төлеушіні тіркеу есебіне қою немесе шығару күні)

№	Тауардың атауы*	Өлшем бірлігі	Саны(көлемі)	Тауарды сатып алу кезінде рәсімделген құжат түрі	Құжатта көрсетілген мәліметтер***						
					Құжаттың тіркеу нөмірі	Құжаттың күні	Тауардың атауы*	Өлшем бірлігі	Саны(көлемі)	ҚҚС-ті есепке алмағанда тауар бірлігінің бағасы	ҚҚС-ті есепке алмағанда тауардың құны
Жиыны											

ҚҚС төлеушінің лауазымды адамы _____
(лауазымы, ТАӘ, қолы)

Ескертпе:

* тауарлар бөлінісінде толтырылады;

** мына құжаттардың бірі көрсетіледі: ЭШФ, тауарларға арналған декларация немесе тауарды әкелу туралы өтініш;

*** тауардың сатып алынғанын растайтын құжат негізінде толтырылады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚҚС – қосылған құн салығы;

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

ЭШФ – электрондық шот-фактура.

Электрондық шот-фактуралардың
жазып берілуіне
автоматтандырылған бақылау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша
нысан

Кімге _____

Кімнен _____

(ҚҚС төлеушінің /сатып алушының
атауы)

ЖСН/БСН _____

Тіркелген мекенжайы _____

телефоны _____

Электрондық шот-фактураны жазып беру үшін пайдаланылмаған ақшаны қайтару туралы өтініш

"е-Тамға" сервисінде электрондық шот-фактураны жазып беру үшін пайдаланылмаған _____ теңге мөлшерінде артық төленген ақшаны _____ салық шотан (шот нөмірі) келесі деректемелер бойынша ағымдағы шотқа қайтаруды сұраймын:

шот нөмірі _____

банк атауы _____

БСН _____

БСК _____

20__ жылғы " __ " _____

(толтыру күні) ТАӘ (басшы немесе оны алмастыратын адам)

қолы _____

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСК – банктің сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе).